

«Смайлик» бөбекжайының

кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының №5 §2 хаттамасы

Өткізілген мерзімі: 07.09.2026 жыл

Қатысқандар: өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері

Барлығы: 10 педагог

Комиссия төрайымы: А.Е.Хасанова – меңгеруші м.а

Комиссия мүшелері:

Габдушева Айша Сагимовна – тәрбиеші

Балашова Ольга Владимировна – тәрбиеші

Нагимова Рая Дюсенгалиқызы – тәрбиеші

Жумагазиева Гульназ Жанболатовна – қазақ тілі мұғалімі

Хатшы: Адилханова Гульфия Муратовна – тәрбиеші

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына жүргізілген өзін-өзі бағалау комиссиясының есебін тыңдау. (*Жауапты: өзін-өзі аттестаттау комиссия төрайымы А.Е.Хасанова.*)

I. Тыңдалды:

А.Е. Хасанова (*өзін-өзі аттестаттау комиссия төрайымы, меңгеруші*):

Өзін-өзі бағалау комиссиясы тәрбиелеу мен білім беру әрекетін ұйымдастыру бойынша 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының мынадай деректі құжаттарын қарады:

- білім беру бағыттарының және ұйымдастырылған іс-әрекеттердің МЖМБС талаптарына және ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылдың 09 қыркүйегіндегі №394 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқыту жоспарлары;
- Іс-әрекеттердің бөлінуін растайтын құжаттар, күн тәртібі 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында циклограммаға сәйкес перспективалық жұмыс жоспарлары;
- МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтардың құжаттары;
- Тәрбиеленушілердің даму мониторингі және нәтижелері; педагогтардың перспективалық жұмыс жоспары; апталық оқу жүктемесі.

Комиссия мүшелері 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының тәрбиелеу-оқыту бойынша МЖМБС талаптарының сәйкестігіне зерделеу жұмысын жүргізді. Комиссия төрайымы А.Е.Хасанова өзін-өзі бағалау есебі тыңдалды. Өзін-өзі бағалау, бағалау өлшемшарттарына сәйкес қорытындыланып, комиссия мүшелерінің дауысқа салуымен «жақсы» деген баға қойылды.

II. Сөз сөйлегендер:

А.С.Габдушева (*тәрбиеші*): Өзін-өзі бағалау бойынша комиссия мүшелерінің есебін тыңдай отырып, бөбекжайдың тәрбиелеу-оқытуда МЖМБС талаптары толық сақталған деп есептеймін. 2023-2024, 2024-2025 және 2025-2026 оқу жылдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының сәйкестігін көрдік, бағаладық.

